ЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# І ТУЫ

НІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
АЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

ноябрь | Сенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

**Үкметіміздің саясатынын, сыртқы саясатының негізі—бейбітшілік идеясы болып табылады. Бейбітшілік үшін күресу, жаңа соғыстарға қарсы күресу, жаңа соғысты әзірлеу жөнінде істеліп жүрген әрекеттердің бәрін де әшкерелеу... біздің міндетіміз болып табылады.**

**И. СТАЛИН.**

## ...және нығайту үшін

...сүруді тілейтінін
...іліктің сенімді ті-
...халықтардың бей
...және тәуелсіздігі
...млекетінің сыртқы
...мұны болып табы-
...ы орынды мақтан

**...ының, сыртқы сая-**
...Сталин жолдас, —
**...болып табылады.**
**...су, жаңа соғыстар-**
**...а соғысты әзірлеу**
**...әрекеттердің бәрін**
**...міндетіміз болып**

...ыртқы саясатын —
..., халықаралық ын-
...елдермен іскерлік
...саясатын —бүкіл
...ектестікпен қолдау-
...публикасы, Польша,
...я, Венгрия, Болгә-
...Демократиялық Рес-
...ық- Демократиялық
...Халық Республи
...бірге, бірауызды-
...жолындағы күреске

...ымы Бас Ассамблея-
...жатқан сессиясын-

қорғаудың Советтік Комитетіне жолдаған хатында былай деді:

«Біз бейбітшілік ісінің жеңетінін білеміз, өйткені, егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолдарына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса, бейбітшілік сақталады, нығаяды деген сталиндік сөздерді халықтар жақсы түсінді. Біздерді, совет адамдарын алатын болсақ, біздер бейбітшілікті сақтау, америкаи агрессорларының жоспарларын әшкерелеу ісі жолына өзіміздің күшімізді аянбай жұмсаймыз. Бейбітшілік жолындағы күрескерлер қатарының өсуіне ешқандай күш бөгет жасай алмайды. Біздер, совет адамдары, өзіміздің ұлы Отанымызды қорғауға, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғауға әрдайым әзірміз».

Партияның XIX съезінің қарарлары, Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық шығармасы халқымыз алдында коммунизмнің салтанаты жолындағы бейбіт жемісті еңбектің жаңа тамаша өрісін ашты.

СОКП XIX съезі Коммунистік партияның, бүкіл халқымыздың бейбітшілікті қорғауға, бейбітшілік ісін сақтап қалуға бел байлағандығын тағы да айқын дәлелдеді. Барлық елдердегі жүздеген миллион бейбітшілікті жақтаушылармен бірге, бүкіл дүние жүзінің адал ниетті адам-

# Қысқы агротехникалық шаралар мүлтіксіз жүзеге асырылсын

* * *

## Мол өнімнің негізі қалануда

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында егіншіліктің мәдениетін батыл көтеру арқылы дәнді дақылдардың шығымдылығын еселеп арттыру ауыл шаруашылығын өркендетудегі басты міндеттердің бірі етіп қойылған.

Партияның XIX съезі алға қойған мұндай күрделі міндеттерді толық орындау жолында Чистов астық совхозының коллективі қажырлы күрес жүргізуде. Совхоз егіншілері алдағы жылы дәнді дақылдардың барлық көлемінен мол өнім алу үшін егін өнімін арттырудың барлық шараларын табандылықпен жүзеге асырып жатыр.

Егін өнімін арттырудың басты шарты тұқым қорын толық құйып, өнгіштік дәрежеге жеткізу болып табылады. Осыны жете ескере отырып, егіншілер алдағы жылдың егісіне қажетті тұқым қорын толық құйып алды. Әсересе, дәнді дақылдар жаздық бидай тұқымы жеткілікті құйылды. Мәселен, «Мильтурум— 553», «Смена», «Гордейформе—10» сияқты жаздық бидайдың тұқымы жеткілікті мөлшерде құйылып алынды. Осы сияқты, арпа егісінің және сортталуына жете назар аударуда. Олар тазартудан өткен тұқым қорын қолма-қол тексеріп, сапасын айырып отырады. Нашар тазартылған тұқым болса, оны дереу қайтадан тазартуға береміз. Біз осы арқылы тұқым қорының жоғары өнгіштік сапаға жеткізіле дайындалуына жетісіп келеміз.

Тұқымды дұрыс тазартып, себу дәрежесіне жеткізу үшін «ВИМ», триер сияқты дән тазалайтын қуатты машиналарды түгел жұмысқа қосып, олармен үздіксіз тұқым тазартылуын қамтамасыз еттік. Тұқым қорын себу дәрежесіне жеткізе тазалауда және сорттауда мұның зор маңызы бар. Дән тазалайтын машиналарды жұмысқа тиімді пайдалану келесі жылдың егісіне қажетті тұқым қорын сапалы құюға қолайлы жағдай туғызуда.

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген совхоз егіншілері тұқым қорын дайындауда еңбек өнімділігін арттырып, жоғары көрсеткіштерге жетті. № 4 бөлімшенің «ВИМ» машинасының машинисі Р. Беренгерт және Н.Лапина, Е.Марченко, Н. Однороманенко, К. Родионова, Р. Конюшевская жолдастар тұқым таза-

алаңға қар тоқтатылады. Егіншілер егістік участоктерге қар тоқтату науқанына ұйымшылдықпен кірісті. Қазірдің өзінде 450 гектар алаңға қар тоқтататын қалқандар, бұталар, қамыстар және басқа да бөгеттер орнатылды. Барлық бөлімшелерде егістік алаңға қар тоқтататын бригадалар бар. Олар күн сайын ондаған гектар егістік алаңға қар тоқтататын қалқандар жасап орнатып жүр.

Қар тоқтату жұмыстары биыл негізінен механика күшімен атқарылады. Совхоз бөлімшелерінде 4 трактор қар қазғышы жұмыс істейді. Сөз жоқ, бұл егістік алаңға ылғал жыйнау жұмыстарын тыңғылықты жүргізуге қолайлы жағдай жасайды.

Қар тоқтатуды сапалы жүргізу үшін агрономдар жұмыстың басы —қасында болып, үнемі басшылық жасап отырады. Мұның барлығы егістік алаңға қардың қалың тоқтатылуын, сөйтіп, оның құнарлылығының арттырылуын қамтамасыз етпек.

Мұнымен бірге, совхоз коллективі жергілікті тыңайтқыштар жыйнау жұмыстарын да қызу қолға алды. Көң, күл, құс

## ...МЫСЫ

# ...ң міндеттемелері ...ндалады

### ...партия ұйымының жыйналысынан

...ымы секрета-
...жолдас учас-
... табыстарын
...ында Омск
...жұмыс стилін
...сының қыз
...ей, бөлімше
... Сөйтіп, то-
...ін қыйында-
... басқармасы-
...е жұмысына
...ртия, кәсіп-
... Жақында
... қызметкер-
... бұл съезде
...і болмады.
... партиялық
... жұмысты
... Тораптық
... бастауып
...ң орында-
... партия бас-
...терді тәр-
...ндік білімін
... жүргізіп
...еп болған
... жасау фак-
...епосы пар-
... мен саяси
...лардың не-
...атысуымен
...ді. Хорун-
...иякты кей
...ндік тео-
...ң есебінде
... жүр.
...бастығынын
...орынбасары
...я комитеті-
...ыш партия
...тиялық жұ-
...ріне үйре-
...ндаттармен

қалалық партия комитетінің партия оқуына үгіт басшылық жасайтындығын айтпай кетуге болмайды. Жуырда біздеқалалық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Селиванов жолдас үш күн болып, үйірмелердің, саяси мектептердің жайымен танысты. Бірақ, мұнан істің жайы өзгерген жоқ. Өйткені, Селиванов жолдас жұмыстағы кемшіліктер жөніндегі фактілердің жыйнағын тізбектеумен қанағаттанып, ешбір нұсқау-кеңес бермей кете барды. Біз қалалық комитеттен қай жұмысқа болсын нақтылы басшылықты күтеміз.

Карт коммунист Трубицин жолдас өзінің сөзінде сын мен өзара сынның жайына тоқталды. Ол кейбір шаруашылық басшылары мен партия қызметкерлері қатардағы жұмысшылар мен коммунистердің орынды дабылдарына кезінде құлақ аспайтынын, керек десеңіз сын пікірлер айтқан жолдастарды қудалайтынын айтты.

—Мен мұнан екі жыл бұрын, —деді Трубицин жолдас, —паровоз депосының кейбір басшыларын сынадым. Бірақ, мұнан тиісті қорытынды жасалмады. Мен қызметімнен төмендетілдім. Бұл жөніндегі шағымыма күні бүгінге дейін партия ұйымы құлақ аспай келеді.

Саясаттық бөлімнің бастығы Кочемировский жолдас торап партия ұйымының жұмысына талдау жасай келіп, облыстық партия комитетінің өндіріс-транспорт бөлімін сынады.

—Облыстық партия комитетінің өндіріс және транспорт бөлімінің қызметкерлері, оның меңгерушісі Синчило жолдас,—деді ол.—транспорт жұмысына көбіне кабинетте отырып басшылық жасайды. Кәсіпорындарында болып, олардың жұмыстарымен жете таныспайды. Бұл бөлім торап-...



Петропавлдағы балалар музыка мектебінде үстіміздегі жылы домбыра бөлімі ашылды.

СУРЕТТЕ: домбыра бөлімінің бірінші класс оқушысы, отличник Тамара **Кәлиматова** сабақ үстінде. Сол жақта оқытушы **Ғ. Әлжанов** жолдас нота бойынша домбыра тартуды үйретіп тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

# Ғабиден Мұстафиннің 50 жылдығы

26 ноябрьде республика астанасының жұртшылығы қазақтың талантты жазушысы Ғабиден Мұстафиннің туғанына 50 жыл толуын және творчестволық қызметінің 25 жылдығын атап өтті. Ғабиден Мұстафиннің 50 жылдығына арналған мәжлісте оның творчестволық жолы туралы жазушы Ғабдол Сланов баяндама жасады.

Ғабиден Мұстафин Қарағанды облысында сталиндік бесжылдықтарда Қазақстан металлургтерінің жаңа социалистік қаласы—Теміртау салынған жерлерде туды. Жас жазушының алғашқы әңгімелері республикалық газеттер мен журналдарда басылды, бұл әңгімелер ескі қарым-қатынастардың күйрегендігін, қазақ ауылындағы жаңалықтардың туып келе жатқандығын баяндады. Бұл әңгімелердің ішінде ең жақсылары 1929 жылы «Ер...

Ғ. Мұстафиннің 1948 жылы шыққан «Миллионер» романын жұртшылығымыз жоғары бағалады. Бұл романда ауыл шаруашылығын механикаландыруды одан сайын өркендете беру жолындағы колхозшылардың күресі баяндалған. Совет адамдары сүйіп оқыған бұл шығарма француз, ағылшын, испан, поляк, неміс тілдеріне аударылды.

Жазушы өзінің «Қарағанды» деген жаңа романында тағы да индустрияның тақырыбына оралды. Бұл романда Қарағандының тууы, Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуы баяндалған.

Мәжлісте қала жұртшылығының өкілдері. Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты директорының орынбасары Қалыбаева жолдас, республика жазушылар одағының жауапты секре-...

# БҰҰ жанындағы ССРО өкілдігіндегі қабылдау

НЬЮ-ЙОРК, 26 ноябрь. (СОТА). 25 ноябрьде БҰҰ жанындағы ССРО өкілдігінде Совет Одағының Бас Ассамблеяның VII сессиясындағы делегациясының басшысы ССР Одағы Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинскийдің құрметіне қабылдау мәжлісі болды.

Қабылдау мәжлісінде БҰҰ жанындағы көптеген елдердің делегацияларының басшылары мен мүшелері және тұрақты өкілдері болды, олардың ішінде Поляк Республикасының сыртқы істер министрі Скшешевский, Чехословак Республикасының сыртқы істер министрі Г. Секанинова, УССР мен БССР делегацияларының басшылары А. Барановский мен К. В. Киселев болды; АҚШ делегациясы жағынан Э. Рузвельт, сенатор Грин, Гросс, Джессеп және Коэн, Англия делегациясы жағынан Ллойд, Джебб, Лорд Льевелин және Эммет, Франция жағынан Жюль Мок, Индия жағынан Пандит және Менон, көптеген латын-американ, араб және басқа елдердің делегацияларының басшылары болды.

Қабылдауда сол сияқты, АҚШ-тың қоғамдық ұйымдарының өкілдері, оның ішінде Американың прогресшіл қайраткерлері Поль Робсон, Шарлотта Басс, профессор Дюбуа, К. Ламонт және басқалары, сол сияқты, БҰҰ секретариатының қызметкерлері, БҰҰ жанында тұратын американ және шетел тілшілері болды.

### ХАЛЫҚТАРДЫҢ БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУ ҚОНГРЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ФРАНЦИЯ

ПАРИЖ, 25 ноябрь (СОТА) «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, 23 ноябрьде халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресіне әзірлікке арналған департаменттік 19 халық жыйналысы болған. Жыйналыстар Уазеде, Дуда, Луар мен Шерде, Па-де-Каледе, Арденниде, Францияның тағы басқа департаменттерінде болған жыйналысқа қатысушылар халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресіне да...

